ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 26 сәуір № 5165-24-00-2/831 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Ш. Мырзахметов оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Luxe-Detail» Нұрдәулет Сүнетұллаұлы Салиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде тану
2. Мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық сомасын өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот,**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Luxe-Detail» Нұрдәулет Сүнетұллаұлы Салиев мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Luxe-Detail» Нұрдәулет Сүнетұллаұлы Салиевтен мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық сомасы 396 (үш жүз тоқсан алты) теңге, 48 (қырық сегіз) тиын және мемлекеттік баж 1 858 (бір мың сегіз жүз елу сегіз) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 26.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 06.06.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 12.06.2024

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 26.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.06.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 12.06.2024

5165-24-3-1/791